

Ақтоғай ауданының ұйымдарына мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 10 қазандағы № 246 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 қазанда № 5259 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай ауданы әкімдігінің 14.12.2021 № 333 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай ауданы әкімдігінің 14.12.2021 № 333 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31-бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабының 6) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 бұйрығымен бекітілген Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларына сәйкес, мүгедектерді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мақсатында, Ақтоғай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыскерлердің мынадай тізімдік саны бар Ақтоғай ауданының ұйымдарына:

елуден жүз адамға дейін - жұмыскерлердің тізімдік санының екі пайызы мөлшерінде;

жүз бірден екі жүз елу адамға дейін - жұмыскерлердің тізімдік санының үш пайызы мөлшерінде қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік сұрақтарға жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Батырғұжинов

Ақтоғай ауданы әкімдігінің
2016 жылғы "10" қазандағы
№ 246 қаулысына
қосымша

Ақтоғай ауданының ұйымдарына мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы

№ р/с	Ұйым атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	Квотаның көлемі (% жұмыскерлердің тізімдік санынан)	Мүгедектер үшін жұмыс орындарының саны, адам
1	2	3	4	5
1.	"Ақтоғай-Агро" фирмасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	140	3	4
2.	"Ақтоғай ауданы әкімдігі Ақтоғай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Ақтоғай-Сервис" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	58	2	1
3.	"Ақтоғай аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі" мемлекеттік мекемесі	50	2	1
4.	"Ақтоғай ауданының Абай атындағы жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	101	3	3
5.	"Ақтоғай ауданының Естай атындағы жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	55	2	1
6.	"Ақтоғай ауданының жалпы білім беретін Агрономия орта мектебі"	58		1

	коммуналдық мемлекеттік мекемесі		2	
7.	"Ақтоғай ауданының жалпы білім беретін Қараоба орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	59	2	1
8.	"Ақтоғай ауданының жалпы білім беретін Қ. Ыдырысов атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	57	2	1
9.	"Ақтоғай ауданының жалпы білім беретін Махмет Қайырбаев атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	69	2	1
10.	"Ақтоғай ауданының жалпы білім беретін Муткенов атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	60	2	1
11.	"Ақтоғай ауданының жалпы білім беретін Нығыман Алшынов атындағы Жалаулы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	57	2	1
12.	"Ақтоғай ауданының жалпы білім беретін Приреченск орта мектебі" коммуналдық	68		1

	мемлекеттік мекемесі		2	
13.	"Ақтоғай ауданының жалпы білім беретін Тіленшін атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	65	2	1
14.	"Ақтоғай ауданының жалпы білім беретін Харьков орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	67	2	1
15.	"Ақтоғай ауданының жалпы білім беретін Шолақсор орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	55	2	1
16.	"Ақтоғай ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	126	3	3
17.	Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ақтоғай орталық аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	205	3	6